

**"Кеден баж салықтарын төлеу жөніндегі мерзімін ұзарту және бөліп төлеуді ұсынудың тәртібі туралы" Нұсқауды күшіне енгізу жөнінде**

*Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы кеден комитеті 1995 жылғы 25 тамыз N 88-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1995 жылғы 26 қазанда N 117 тіркелді. Күші жойылды - Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 16 ақпандағы N 166 бұйрығымен. ~ V011417

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" заң күші бар

Z952368\_

Жарлығын орындау мақсатында бұйрық етемін:

1. "Кеден баж салықтарын төлеу жөніндегі мерзімін ұзарту және бөліп төлеуді ұсыну тәртібі туралы" Нұсқау бекітілсін және 1995 жылдың 1 қазаннан бастап күшіне енгізілсін.
2. Облыстық кеден басқармаларының және кедендердің бастықтарына:
  - осы Нұсқауға сәйкес жұмыс ұйымдастырылсын;
  - осы Бұйрықтың күші барлық құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.
3. Осы Бұйрықтың орындалуын бақылау Төраға орынбасары Р.К.Куватовқа жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинеті  
жанындағы кеден комитетінің  
1995 ж. \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_  
бұйрығымен  
Бекітілді

Кеден баж салықтарын төлеу бойынша мерзімін  
ұзарту және бөліп төлеу ұсыну тәртібі туралы  
Нұсқау

I. Жалпы ережелер

1. Кеден органының шешімі бойынша төлеуші кеден баж салықтарын төлеудің мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) ұсынылуы мүмкін.

Кеден төлемдерінің басқа түрлерін төлеудің мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) жеке адамдарға берілмейді. Салық заңдарына көзделген жағдайларды қоспағанда, алынуы кеден органдарына жүктелген салықтарды төлеудің мерзімі ұзартылмайды.

2. Кеден баж салықтарын төлеудің мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) туралы шешімді кеден құжаттарын толтыратын кеден органының бастығы төлеушінің туынды түрде құрған және кеден органына кеден жүк декларациясымен бір уақытта берген жазбаша арызы бойынша қабылдайды.

3. Егер төленуге тиіс кеден төлемдерінің сомасы АҚШ-тың 20 мың долларына пара-пар болатын теңге сомасынан асып түссе, кеден баж салықтарының мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) тек Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің рұқсатымен беріледі (бұдан әрі - Кеден комитеті) төлеушінің кеден құжаттарын толтыратын кеден органымен келісілген жазбаша арызы мен кеден органына кеден жүк декларациясы берілгенге дейін Кеден комитетіне ұсынылады.

4. Акциздік тауарлар бойынша кеден баж салықтарын төлеудің мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) тек Кеден комитетінің рұқсатымен ұсынылады.

5. Кеден баж салықтарын төлеудің мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) кеден декларациясы қабылданған күннен бастап үш айдан аспауға тиіс.

6. Тиісті сомаларды бөліп төлеуді кеден баж салықтарын бөліп төлеуді ұсынған кеден органының кеден төлемдері бөлімі берген кезде бөлшектеп төлеудің (кедендік төлемдер) мерзімдері мен өтелетін әрбір қарыздың мөлшері белгіленетін негізгі қарыздың төленуі мен ол бойынша проценттердің кестесі төлеушімен бірге құрылады.

7. Кеден органдары кеден баж салықтарын төлеудің мерзімін ұзартқан (бөліп төлеу) кезде Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілейтін қайта қаржыландырудың ресми ставкасы бойынша проценттер алынады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банк белгілейтін қайта

қаржыландырудың ресми ставкасының мөлшерін кеден органдары Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің облыстық басқармаларынан алады.

8. Кеден баж салықтарын төлеудің мерзімін ұзарту ұсынылғаны үшін алынатын проценттерді төлеуші мерзімі ұзартылған кеден баж салықтары сомасын төлеумен бір уақытта төлейді.

9. Кеден баж салықтарын төлеу мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) берілгені үшін процент теңгемен алынады.

Алынған сомалар бүтін санға дөңгелектеу ережелері бойынша дөңгелектенеді.

10. Кеден баж салықтарын төлеу мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) берілген

үшін алынатын проценттер мына формула бойынша есептеледі:

$$m = \frac{C * M * C_m}{360}, \text{ бұндағы}$$

$m$  - кеден баж салықтарының төлену мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) ұсынылған үшін берілетін төлем;

$C$  - төленуі бойынша мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) ұсынылған кеден баж салықтарының сомасы;

$M$  - кеден баж салықтарын төлеудің мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) ұсынылған күндердің нақты саны;

$C_m$  - Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілейтін қайта қаржыландырудың кеден декларациясы қабылданған күндері ресми проценттік с т а в к а с ы ;

360 - күнтізбелік жылдағы күндердің саны.

11. Бөліп төлеу ұсынылған кеден баж салықтарының сомасын бөлшектеп төлеу кезінде (кеден баж салықтарын төлеудің құрылған кестесіне сәйкес) одан кейінгі төлемдердің бөліп төленуіне процент есептеу үшін кеден жүк декларациясы бойынша есептелген кеден баж салықтарының жалпы сомасы өтелген қарыз сомасына азаяды.

12. Сыртқы экономикалық қатынастар қатысушысына кеден баж салықтарын төлеу бойынша жеңілдіктер берілген жағдайда олардың төлену мерзімін ұзартудың күші бар кезеңде, егер аталған жеңілдіктер мерзімін ұзарту берілген мерзімнен бұрын күшіне енсе, оның берілгендігі үшін проценттер алынбайды.

13. Кеден баж салықтарын төлеудің мерзімін ұзарту (бөліп төлеу), айырбастау пункттерінен басқа, банктік операциялардың кейбір түрлерін жүзеге

асыратын ұйым немесе өкілеттенген банк кепілдігімен, немесе тауарлар мен көлік құралдарына кепілдігімен не кеден органының депозитіне тиісті сомаларды салумен қамтамасыз етіледі.

Кеден баж салықтарының төленуіне кепілдік беруге банктік операциялардың кейбір түрлерін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің шетел валютасымен операциялар жасауға берген лицензиясы бар өкілеттенген банктер мен ұйымдар құқылы.

14. Кеден баж салықтарын төлеуден қашып жүрген адамдарға кеден баж салықтарын төлеудің мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) берілмейді.

15. Төлеуші берілген мерзім ұзартудың (бөліп төлеудің) соңғы күнінен кешіктірмей қарызын өтеуге және берілген мерзім ұзарту (бөліп төлеу) үшін проценттер төлеуге міндетті.

Ақша қаражаты аударылған күн болып төлеу құжатындағы банктің банктік операция өткізілгендігі туралы белгісі қойылған күн есептеледі.

Банктің банктік операциялар өткізілгендігі туралы белгісі бар төлеу құжатының көшірмесі және ұйымның басты адамы мен оның бас бухгалтерімен және ұйымның банктік және қаржы құжаттарына арналған мөрімен куәландырылған банк жазбасы кеден баж салықтарының төленуінің ұзартылған мерзімі (бөліп төлеу) біткеннен кейінгі 3 күнтізбелік күннен кешіктірілмей кеден баж салығының төлену мерзімін ұзартқан (бөліп төлеудің ұсынған) кеден органына беріледі.

Төлеу құжатында, кеден баж салықтарын төлеуді қамтамасыз етудің түріне қарай мыналар көрсетіледі:

а) Кеден баж салықтары мен ұсынылған мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) үшін проценттер ГТД бойынша N \_\_\_\_\_ төлеу, \_\_\_\_\_ банктің 199 ж. N \_\_\_\_\_ кепілдік міндеттемесі бойынша, соның ішінде:

(кеден баж салығының түрі)

(ұсынылған мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) үшін процент);

б) "Кеден баж салықтары мен ұсынылған мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) үшін ГТД бойынша N \_\_\_\_\_, N \_\_\_\_\_ кепілдік шарты бойынша, соның ішінде:

(кеден баж салығының түрі)

(ұсынылған мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) үшін процент);

в) Кеден баж салықтары мен ұсынылған мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) үшін ГТД бойынша N \_\_\_\_\_ төлеу, кеден органдарының п/п N \_\_\_\_\_ депозитіне салынған ақша қаражаты бойынша, соның ішінде:

(кеден баж салығының түрі)

(ұсынылған мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) үшін процент)

Мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) ұсынылған кеден баж салықтарының төленгендігін растайтын төлеу құжатының көшірмесі белгіленген мерзімде кеден органына берілмеген кезде, төленген күн болып ақша қаражатының кеден органының есепшотына іс-жүзінде түскен күні есептеледі.

16. Егер Кеден баж салықтарының сомалары мен ұсынылған мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) үшін проценттерді жеке банктік операциялардың жүзеге асыратын кепілдік міндеттеме берген банк немесе ұйым төлесе, тиісті сомалар мерзімін ұзарту аяқталған күннен кейінгі немесе мерзімін ұзарту бойынша белгіленген төлеу күнінен кейінгі 3 күнтізбелік күннен кешіктірілмей төленуі тиіс.

17. Кеден баж салықтарының сомалары мен ұсынылған мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) үшін төленген проценттер мынадай жағдайларда қарыз ретінде қ а р а с т ы р ы л а д ы :

- төлеуші белгіленген мерзімде кеден баж салықтары сомасы мен мерзім ұзартылғандығы (бөліп төлеу) үшін төленетін проценттерді төлемді және мерзім ұзарту аяқталғаннан кейінгі не бөліп төлеу бойынша төлеу мерзімінен кейінгі 3 күнтізбелік күн ішінде кеден органына қажетті соманы аударуға банк жасаған төлеу құжатын бермегенде;

- ұсынылған төлеу құжаты бойынша қанша ақша қаражаты банктің банк операциясы өткізілгендігі туралы белгісі қойылған күннен кейінгі он төрт күнтізбелік күн ішінде кеден органының есепшотына келіп түспегенде.

18. Қарыз сомаларын кеден органдары төлеуші есепшоттарынан өндіріп алады. Қарыз кезінде, төленген немесе алынған күнді қосқанда, мерзімнен кешіктірілген әрбір күннің төленбеген салығы сомасының 1,5 проценті мөлшеріндегі өсім алынады.

Төлеушінің ақша қаражаты болмаған кезде ақы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес төлеуші мүлкінен өндіріп алынады.

Кеден баж салықтарын төлеуден бастартылған кезде Кеден комитеті Қазақстан Республикасы кеден органының ұсынуы бойынша банктер мен банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар үшін міндетті, іс жүзінде төленгенге дейін төлеуші туралы шешім қабылдайды. Қазақстан Республикасы кеден органдарының алу туралы шешімдерін орындамағандық үшін банктер мен жеке банктік операцияларды жүзеге асыратын басқа ұйымдар үшін кеден заңдарына сәйкес жауапкершілік көзделді.

II. Банк немесе банк операцияларының жеке түрлерін

жүзеге асыратын ұйым кепілімен кеден баж салықтарын төлеу бойынша мерзім ұзарту немесе бөліп төлеуді ұсыну

19. Өкілеттіктен банк немесе басқа кредиттік мекеменің (бұдан әрі - банк) кепілімен кеден баж салықтарын төлеу бойынша мерзім ұзарту немесе бөліп төлеу ұсынылған кезде төлеуді қамтамасыз ету ретінде банк немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің шетел валютасымен операциялар жүргізуге берген лицензиясы бар банк немесе банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымның кепіл міндеттемесі пайдаланылады.

20. Банктің кепіл міндеттемесінің түрін Кеден комитеті белгілейді.

Банктің кепіл міндеттемесі түрінің үлгісі осы нұсқауға қоса берілген N 1 Қосымшада көрсетілген.

21. Банктің белгіленген түрдегі кепіл міндеттемесін өкілеттенген банк 2 данада жасатады. Кепіл міндеттемесіне оны берген банк реттік номер тағайындайды.

Кепіл міндеттемесі банк басқарушысының қолымен, банктің бас бухгалтерімен және банктің мөрімен куәландырылады.

Банктің кепіл міндеттемесінің бірінші данасы кеден органына ұсыну үшін кеден баж салықтарының төленуіне банк кепіл беріп отырған адамға беріледі.

Екінші дана банкте қалады.

22. Банктің кепіл міндеттемесі кеден органына төлеушінің кеден баж салықтарын төлеудің мерзімін ұзартуға (бөліп төлеуге) жазған жазбаша арызымен бірге кеден декларациясы берілгенге дейін не сонымен бір уақытта беріледі.

23. Кеден органы кеден баж салықтарының төленуі үшін жауапты адамның кеден баж салықтарын төлеуіне кепіл беретін банк міндеттемесін ғана қабылдайды (декларант немесе тауарларды таситын адам).

24. Мөлшерлері кепіл міндеттемесінде көрсетілген сомадағы асып түсетін кеден баж салықтары мен берілген мерзім ұзарту (бөліп төлеу) үшін проценттердің төленуіне Банктің кепіл міндеттемесі кепіл бола алмайды.

25. Кеден органы банк кепілімен кеден баж салықтарының төленуінің мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) ұсыну туралы шешім қабылдаған кезде, кеден органы кепіл міндеттемесін берген банкке оның кепілінің қабылданғандығы, кеден баж салығын төлеудің ұзартылған (бөліп төлеуге берілген мерзім) мерзімін, қарызды төлеу мерзімін, кеден баж салығы мен оның төленуіне берілген мерзім ұзарту (бөліп төлеу) үшін алынатын сома туралы хабарлайды.

Банкке хабарлау формасы осы Нұсқауға қоса берілген N 2 Қосымшада көрсетілген.

26. Кеден баж салығы мен оның төленуіне берілген мерзім ұзарту (бөліп төлеу) үшін алынатын проценттер сомаларын төлеуші белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда, кеден баж салығын төлеудің мерзімін ұзартқан (бөліп төлеуді ұсынған) кеден органы 3 күн ішінде мерзімі кешіктірілген салықтың, сондай-ақ төлеу мерзімі өткізілгендігі үшін ұсталатын өсімді кепіл міндеттемесі берген банктен өндіріп алады.

27. Кеден баж салығын төлеуге берілген мерзім ұзарту немесе бөліп төлеуді ұсыну бойынша ақша қаражатын төлеудің белгіленген мерзімінен бастап 3 күнтізбелік күн ішінде кепіл беруші - банк төлеген жағдайда мерзім өткізілгендігі үшін өсім алынбайды.

28. Кеден органы банктердің кепіл міндеттемелерін есепке алып отырады.

Төлеуші белгіленген мерзімде кеден баж салығы мен оның төленуіне берілген мерзім ұзарту (бөліп төлеу) үшін алынатын процент сомаларын төлеген жағдайда, банктің кепіл міндеттемесі бақылаудан алынады, ол кепіл беруші - банкке кепіл міндеттемесінің күші жойылғандығы туралы хабарланады.

### III. Тауарлар мен көлік құралдары кепілдігімен кеден баж салықтарының төлену мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеуді ұсыну

29. Кеден төлемдерін төлеудің мерзімін ұзарту (бөліп төлеуді ұсыну) ұсынылған кезде кеден баж салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде тауарлар мен көлік құралдары кепілдігін қолдану туралы шешімді кеден органының бастығы, кеден баж салықтарының тиісті сомаларын басқа жолмен төлеуді қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда, кеден баж салықтарын төлену мерзімін ұзартуда (бөліп төлеу) ұсыну туралы төлеушінің жазбаша арызы болғанда қабылдайды.

30. Кепілдік туралы шартты Кепілдік беруші белгіленген формада жасайды (Қазақстан Республикасы Кеден органының кепілдік пайдалануы туралы Ережеде көрсетілген А, Б, В, Г формалары (бұдан әрі - Кепілдік туралы ереже)).

31. Кеден органының кеден төлемдері бөлімі тауарлар мен көлік құралдары қамтамасыз еткен кеден баж салықтарын төлеу кепілдігінің жеткіліктілігі туралы шешім қабылдайды, және кеден органының бухгалтерлік есепке алу және есеп берушілік бөлімімен бірлесе отырып кепілдік формасы туралы шешім қабылдайды (кепілдік, зарплад, тұрақты кепілдік, қайта өңдеудің кеден режиміне қойылған тауарлар кепілдігі);

32. Кеден органы атынан шартқа кеден органының бастығы немесе оны ауыстыратын адам, сондай-ақ бас (аға) бухгалтер қол қояды (арнайы журналға осындай шарттың жасалғандығы туралы белгі соғып). Кепілдік беруші атынан

кепілдік туралы шартқа басқарушы немесе соған өкілеттенген басқа адам, сондай-ақ оның бас бухгалтері қол қояды.

Бұндай жағдайда кеден органының кеден төлемдері бөлімінің бастығы төленуі кепілдікпен қамтамасыз етілген баж салығының кепілдік туралы шартта көрсетілген сомасының дұрыстығын растайды.

33. Кепілдік туралы шарттың бір данасы кеден органының бухгалтерлік есепке алу және есеп берушілік бөлімінде сақталады.

Кепілдік туралы Шарттың екінші данасы Кепілдік берушіде қалады.

34. Кепілдік туралы шарттағы мағлұматтар кеден органының кеден төлемдері бөлімінде жүргізілген кепілдік туралы шарттардың арнайы тізіміне енгізіледі. (Кепілдік туралы Ережеге N 2 Қосымша).

35. Кеден құжаттары толтырылған кезде кеден декларациясына кепілдікпен кеден баж салықтарының төлеу мерзімі ұзартылғандығы (бөліп төлеу ұсынылғандығы) туралы тиісті жазба мен ұзартылған мерзімнің (бөліп төлеу мерзімінің) аяқталу күні енгізіледі.

36. Кеден органының кінәсі болмай, кепілдік мәніне зиян келу қаупі туғанда немесе оның жетіспейтіндігі анықталған жағдайда, кеден органы кепілдік берушіден кепілдік мәнін ауыстыруды талап етуге құқылы.

Кеден органының кеден төлемдері бастығы кепілдік берушінің кепілдік мәнін ауыстыруының тепе-теңдігін анықтайды.

37. Кеден органдарының кеден төлемдері бөлімі кепілдікпен қамтамасыз етілген кеден баж салығы мен мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) үшін алынатын проценттерді төлеу міндеттемесінің орындалуын бақылайды, ал мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) ұсынылған кеден баж салығы төленген соң кепілдік берушіге кепілдік мәнін алып кету қажеттігі туралы хабарлайды.

38. Кеден төлемдері бөлімі бастығының өтініші бойынша кеден органының бастығы кепілдік мәнінің сақталу және жинақталуының шартта көрсетілген шарттарын тексеруге қызметкер жібере алады.

39. Кепілдік беруші шартта кепілдік мәнін мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне қою туралы мәлімдеп (Кепілдік туралы Ереженің 36-тармағы), кепілдік мәнінен мемлекет пайдасына бас тарту бойынша өзіне міндеттеме алған жағдайда. Кеден органының кеден төлемдері бөлімі өз уақытында (Кепілдік туралы Ереженің 5.4-тармағында көрсетілген мерзімдерге сәйкес) кепілдік мәнінен ақы өндіріп алу туралы бухгалтерлік есеп пен есеп берушілік бөліміне х а б а р л а й д ы .

40. Кеден органының бухгалтерлік есеп пен есеп берушілік бөлімі кепілдік мәнін сатуды жүзеге асыру үшін немесе кепілдік мәнімен ақы өндіріп алу үшін құжаттар дайындайды, сондай-ақ кеден органының кеден төлемдері бөліміне кепілдік мәнін сатудан түскен сома туралы хабарлайды.



41. Кеден органының кеден төлемдері бөлімі Кепілдік мәнін сатудан түскен соманы кеден баж салығы сомасының төленуге тиіс сомасымен және оның төленуінің мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) үшін алынатын процент сомасымен с а л ы с т ы р а д ы .

Түскен сома жетпеген жағдайда кеден органының төлемдер бөлімі жетпейтін соманы сөзсіз өндіріп алуға құжаттар дайындайды.

Кепілдік мәнін сатудан түскен қаражат кеден органының депозитіне с а л ы н а д ы .

42. Баж салығының тиісті сомасын кеден органы депозитіне салу жолымен кепілдік беруші Кепілдік туралы шарт бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындаған жағдайда, кеден органының кеден төлемдері бөлімі (қаражат іс жүзінде келіп түскен соң) кеден органының бухгалтерлік есеп және есеп берушілік бөліміне кепілдік туралы шарттың күші жойылғандығы туралы х а б а р л а й д ы .

43. Тиісті сомалар кеден органы депозитіне келіп түскен соң кеден органының төлемдер бөлімі ГТД-ға олардың іс жүзінде келіп түскендігі туралы белгі соғады және бұл туралы мағлұматтар мәліметтерде көрсетіледі.

IV. Тиісті сомалар кеден органы депозитіне салынған кезде кеден баж салықтарын төлеудің мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеуді ұсыну

44. Кеден баж салығының төленуін қамтамасыз ету үшін төлеуші кеден баж салықтарының төлеудің мерзімін ұзартуды (бөліп төлеуді ұсынған Кеден органы депозитіне, мысалы тауарлар еркін айналымға жіберілгенде немесе экспорттың кеден режиміне сәйкес сыртқа шығарылғанда төленуге тиіс болатын кеден баж салықтары есебінен ақша қаражаты сомаларын, сондай-ақ төлеудің мерзімі ұзартылғандығы немесе бөліп төлеу ұсынылғандығы үшін олардан алынатын процент с о м а л а р ы н с а л а д ы .

45. Төлеуші тиісті сомаларды кеден органы депозитіне кеден декларациясы берілгенге дейін с а л а д ы .

Тиісті сомаларды аударуға жасалған төлеу құжатында мыналар көрсетілуі т и і с :

"199 ж \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ шарт (келісім-шарт) бойынша кеден баж салықтарын төлеу мерзімін ұзарту (бөліп төлеу) ұсынылуы үшін ақша қаражатын салу, соның ішінде:

- импорттық (экспорттық) кеден баж салығы - ...

- ұсынылған мерзім ұзарту (бөліп төлеу) үшін проценттер - ...

46. Кеден органы депозитіне тиісті сомалар іс жүзінде түскен соң ғана Кеден

декларациясы дайындауға қабылданады.

47. Егер тиісті сомаларды кеден органы депозитіне кеден төлемдерінің төленуі үшін жауап бермейтін адам салса, тиісті соманы салып отырған адамның кеден төлемдерінің төленуіне жауапты адам үшін кеден баж салықтары мен проценттердің төленуін қамтамасыз ету ниеті туралы, және кеден баж салығы мен проценттердің тиісті сомалары мерзімінде төленбеген жағдайда, оның келген органы депозитіне салған сомалары кеден баж салығы ретінде республикалық бюджет кірісіне аударуға келісетіндігі туралы жазбаша арыз болғанда ғана ұ с ы н ы л а д ы .

Арыз бірінші басшы мен бас бухгалтердің қолдарымен, сондай-ақ кеден баж салығының төленуін қамтамасыз ету үшін қаржы аударатын кәсіпорынның ( ұ й ы м н ы ң ) м ө р і м е н р а с т а л а д ы .

48. Кеден баж салықтарының төленуін қамтамасыз ету ретінде кеден органы депозитіне салынған ақша қаражаттары ГТД бойынша кеден баж салығы мен төлемнің мерзімі ұзартылғандығы (бөліп төлеу ұсынылғандығы) үшін алынатын проценттер төленген соң ғана осы төлеушіге қайтарылады.

49. Сомаларда депозитте сақтау уақытында проценттер қосылмайды. Аталған сомаларды индекстеу жасалмайды.

50. Кеден баж салықтарының сомалары мен оның төлену мерзімін ұзартылғандығы (бөліп төлеу ұсынылғандығы) үшін алынатын проценттер белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, кеден органының депозитіне салынған ақша қаражаттары кеден баж салықтары ретінде республикалық бюджет кірісіне салынады.

Кеден баж салықтарын төлеу

бойынша мерзім ұзарту (бөліп  
төлеу) ұсыну тәртібі туралы  
нұсқауға

№ 1 Қосымша

\_\_\_\_\_ бастығына

(кеден органының аты)

199 ж. " " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ кепіл міндеттемесі

---

осы кепіл міндеттемесі арқылы кеден баж салықтарын төлеудің мерзімі

---

ұзартылған (бөліп төлеу ұсынылған) кәсіпорынның (ұйымның) толық атауы \_\_\_\_\_ осы кепіл міндеттемесінің

(кеден органының атауы)

қабылдануы туралы хабарламада белгіленген мерзімде, төлеудің белгіленген мерзімінен бастап 3 күн ішінде төлемде көрсетілген сома аударылмаған жағдайда

---

(банк немесе банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыратын

---

ұйымның толық атауы (банктің), ОКПО коды, заңды мекен-жайы, МФО ҚР

---

Ұлттық банкінің валюта операциясын жүргізуге берген лицензиясының

---

№, телекс, телефакс номері)

осы арқылы мына мөлшердегі \_\_\_\_\_ импорт/экспорт кеден баж

салығын қамтамасыз ету сомасы мен ұсынылған мерзім ұзарту (бөліп төлеу) үшін алынатын проценттер сомасын аударатынына кепіл береді.

Осы кепіл бойынша, төленуге тиіс ақша қаражаттары кеден органдарына төленбеген жағдайда, әрбір мерзімі өткізілген күн үшін 1,5% өсімді қосқанда, олар Банк есепшотынан алынады.

Осы кепіл міндеттемесі бойынша төленуге тиіс барлық ақша қаражаттары толық төленгенге дейінгі кезең ішінде немесе олар Банк есепшотынан алынғанға дейін бұл кепіл міндеттемесі өз күшінде болады.

Банк басқарушысы \_\_\_\_\_  
(аты, әкесінің аты, фамилиясы, қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
(аты, әкесінің аты, фамилиясы, қолы)

Б а н к т і ң м ө р і

Кеден баж салықтарын төлеу

бойынша мерзім ұзарту (бөліп төлеу) ұсыну тәртібі туралы

нұсқауға  
N 2 Қосымша

\_\_\_\_\_

(банк немесе банк операцияларының

\_\_\_\_\_

және түрлерін жүзеге асыратын

\_\_\_\_\_

ұйымның (банктің) толық атауы,

\_\_\_\_\_

ОКПО коды, заңды мекен-жайы, МФО

\_\_\_\_\_

банкінің

\_\_\_\_\_

басқарушысына

Банк кепілінің қабылдануы туралы

Хабарлама

Осы арқылы Сізге 199 ж " " \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ кепіл  
міндеттемесінің қабылдануы туралы хабарлаймыз.

Кеденнің (кеден органының) шешіміне сәйкес аталған кепіл

міндеттемесі бойынша кеден баж салығын төлеудің мерзімін ұзарту  
(бөліп төлеу) \_\_\_\_\_ айға, 199 ж. " " \_\_\_\_\_ дейін  
ұсынылады. Кеден баж салығы мен мерзім ұзарту (бөліп төлеу)  
ұсынылғаны үшін алынатын проценттерді төлеуді қамтамасыз ету  
сомасы \_\_\_\_\_ құрайды.

Төлеуші осы соманы көрсетілген мерзімге дейін аудармаған жағдайда,  
Сіздің Банк осы күннен кейінгі үш күн ішінде

\_\_\_\_\_ басқармасының

(банк реквизиттері: МФО, есепшот N, банктік атауы)  
депозитіне қамтамасыз ету сомасын аударуға міндетті.

\_\_\_\_\_ кеденінің (кеден басқармасының) бастығы

---

(аты, әкесінің аты, ф., қолы)

Бас бухгалтер

---

(аты, әкесінің аты, ф., қолы)

Кеден органы мөрінің орны

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.